«№39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп-лицейі» КММ бойынша

Қамқоршылық кеңесі отырысының

**ХАТТАМАСЫ № 4**

Ақтөбе қаласы 16.05.2025 жыл.

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Уразалин, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Батырғалиев, директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Қ. Мұхамбедин, бас есепші Г. Сейдуллина, ата-аналар, оқушылар комитеті.

**Күн тәртібінде:**

1. Мектеп-лицейдің материалдық-техникалық жағдайы және проблемаларды шешу туралы

*Мектеп директоры А. Кисикова*

2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы

*Әлеуметтік педагог А. Калсаева*

Қамқоршылық кеңестің мүшелері мектептегі жасалынған жұмыстармен танысты. Мектептің класс кабинеттерін, дәретханаларды аралады. Содан кейін күн тәртібі бойынша мектеп директоры А. Кисикова жасалынған және жасалу керек мәселелер туралы хабарлама жасады.

**Тыңдалды:** Мектеп-лицей директоры А. Кисикова мектеп-лицейдің жылдық жұмыс жоспары бойынша жүргізіліп жатқан барлық жұмыстарға (№1,2,3 презентация) хабарлама жасады.

*1.* ***Мектеп-лицей директоры А. Кисикова:*** - Мектеп-лицейдің материалдық базасы жылдан жылға жақсарып келеді. Мектеп ауласындағы спорт алаң неше жылдан бері күрделі жөндеуді қажет етеді. Жаз айында, күн жылы күндері оқушыларға спорт алаңы өте қажет. Жұмысшы тобы дефектілік акт жасады.

Мектептегі стоматология, химия, 315, 215 кабинеттер жөндеуді қажет етеді. Кабинеттерге бірнеше жылдан бері жөндеу жасалмаған. Кабинеттердің төбесін, қабырғаларын қырып, қайтадан актеу керек. Барлық сылаулар бөсап құлап тұр. Еденіне линолеум төселуі қажет. Талапқа сай раковина болуы керек. Қазіргі уақытта оқушыларға сабақ өтуге мүмкіндік жоқ. Кабинет талапқа сай емес. Кабинетке жасалған дефектілік акт бар. 211, 303, 304, 309, 313 кабинеттерге линолеум

ауыстырылу керек. Жоспарда домбыра, дәстүр әлемі кабинеттерін және дыбыс жазу студиясын ашу жоспарда бар.

2. ***Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Г. Абдрахманова:*** - Мектептегі білім сапасын арттыруға арналған және тәрбие саласындағы да жұмыстарды біліп отырмыз. Мектептің әлеуметтік парақшасынан барлықтарыңыз да көріп отырсыздар. Мектеп тап таза. Кіріп келгенде де жақсы әсерде боламыз. Жаңадан жабдықталған шахмат клубы, логопед кабинеттерін, кітапхана, әдістемелік кабинетті және жаңадан алынған жиһаздарды көріп қуанып тұрмыз. Мектепті аралап шықтық. Дәретханаларда унитаз қақпақтары сұйық сабын, дәретхана қағаздары тұр. Спорт алаңын көзімізбен көрдік. Шынымен де көп жұмысты талап етіп тұр. Мен өзім осы шаруаға мұрындық болғым келеді. Барлық көмегімді аямаймын. Барлығымыз бірлесіп осы жұмыстардың тиімді жүргізілуіне атсалысайық. Менің ұсынысымды қолдайды деп ойлаймын.

3. ***Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А. Рабаев:*** - Оқушыларға барлық жағдай жасалынған. Мектепке келгенде қуанып қаламыз. Балалар үшін жағдайлар жасалынып жатыр. Тазалықтың, тәртіптің бірінші орында болғаны қуантады. Мектепте біраз жұмыстар жүргізіліп келеді. Мектеп ауласындағы спорт алаңды, стоматология, химия, 315, 215 кабинеттерді келесі оқу жылында дейін жөндеп алуды ұсынамын. Мектеп айналасындағы қоқыс қалдықтарын алып кету үшін өз көмегімді беремін. Кеңес мүшесінің ұсынысына толықтай қосыламын.

4. ***Әлеуметтік педагог А.Калсаева:*** - Биылғы оқу жылында жазғы демалыс уақытында оқушылардың сұранысы негізінде жұмыстар ұйымдастырамыз. Ақтөбе облысының тарихи жерлеріне экскурсияға 200 оқушы, Шымкент, Түркістан қалаларына саяхатқа 100 оқушы апаруды жоспарлап отырмыз.
   №1 презентация
   №2 презентация
   №3 презентация
   №4 презентация

**Сөйлеушілер:** Қамқоршылық кеңесінің мүшелері А. Аленова, А. Акбаева, Ф. Жандарбекова, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Уразалин.

**Қаулы:**

1. Мектеп-лицейдің материалдық-техникалық жағдайы және проблемаларын шешу үшін бюджет қаражаты тиімді жұмсалсын;

**1.2.** Жұмысшы тобы құрамына қамқоршылық кеңесінің мүшелері қосылсын.

2. Оқушылардың жазғы демалысы тиімді ұйымдастырылсын.

2.1. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру үшін оқушылардың, ата-аналардың сұраныстары негізінде барлық жағдайлар қарастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы А. Жолмаханова

Хатшы: С. Елеусизова